

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірынғай тіркелімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 377 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26516 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 205 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 06.06.2023 № 205 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың бірынғай тізілімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 377 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17469 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың бірынғай тіркелімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми-интернет ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрі

С. Шапкенов

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2022 жылғы 14 қантардагы  
№ 10 бұйрығына  
қосымша

**Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірыңғай тіркелімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидалары**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірыңғай тіркелімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірыңғай тіркелімін (бұдан әрі – ұйымдар тіркелімі) және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін (бұдан әрі – мамандар тізілімі) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі, ол халықтың жекелеген санаттарына "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" және "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының осы зандарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың олардың құнын өтеу шарттарында тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектісі болып табылады;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер (бұдан әрі – жеткізушилер) – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік

және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

3) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

3. Ұйымдардың тіркелімі және мамандардың тізілімі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 9-4) тармақшасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өнім берушілерін әлеуметтік қызметтер порталына жіберу, оларды әлеуметтік қызметтер порталында тіркеу немесе тіркеуден шығару қағидаларына (бұдан әрі – Жіберу қағидалары) сәйкес жеткізушилер ұсынған деректердің негізінде электрондық түрде қалыптастырылады.

Ұйымдар тіркеліміне және мамандар тізіліміне енгізу Жіберу қағидаларына сәйкес жеткізушиңі әлеуметтік қызметтер порталына жібергеннен және онда тіркелгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Ұйымдардың тіркелімін қалыптастыру**

4. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік қызметтер порталында қалыптастырылады.

5. Ұйымдар тіркелімі мынадай:

- 1) ұйымның атауы;
- 2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) ұйым бөлімшесінің типі;
- 4) ұйым бөлімшесінің түрі;
- 5) ұйым бөлімшесінің атауы;
- 6) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мекенжайы;

7) байланыс деректері (мобиЛЬДІ телефон, электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефоны, сайт (бар болса));

8) "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11038 болып тіркелген) бекітілген халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарында, "Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 ақпандағы № 138 бүйрығымен (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13543 болып тіркелген) бекітілген Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында және "Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 1079 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14701 болып тіркелген) бекітілген Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында (бұдан әрі – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары) көзделген көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету нысандары бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған орындардың саны туралы мәліметтерді қамтиды;

10) тіркелімге енгізілген күні;

11) тіркеуден алынған күні;

12) тіркеуден алу себебі.

6. Жеткізушінің келісімімен ұйымдардың тіркелімінде қамтылған мәліметтер жалпыға қолжетімді болып табылады.

### **3-тaraу. Мамандар тізілімін қалыптастыру**

7. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі әлеуметтік қызметтер порталында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

8. Мамандар тізілімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) білімі, біліктілігі туралы (бар болса);

4) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы;

5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарында көзделген көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну мекенжайы;

7) байланыс деректері (мобиЛЬДІ телефон, электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефоны, сайт (бар болса));

8) тізілімге енгізілген күні;

9) тіркеуден алынған күні;

10) тіркеуден алу себебі.

9. Жеткізушінің келісімімен мамандар тізілімінде қамтылған мәліметтер жалпыға қолжетімді болып табылады.

#### **4-тaraу. Жеткізушіні Тіркелімнен немесе Тізлімнен шығару тәртібі**

10. Жеткізушіні Тіркелімнен немесе Тізлімнен шығару Жіберу қағидаларына сәйкес жеткізуші тіркеуден шығарылғаннан кейін автоматты түрде жүзеге асырылады.

Жеткізушіні порталда тіркеуден шығару кезінде жеткізушілер тіркелімінде және (немесе) мамандар тізлімінде тіркеуден шығару күні мен себебі көрсетіледі

Арнаулы әлеуметтік қызметтер  
ұсынатын ұйымдардың бірыңғай  
тіркелімін және арнаулы  
әлеуметтік қызметтер көрсететін  
мамандардың тізлімін  
қалыптастыру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

#### **Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімі**

№	Ұйымның атауы	БСН	Ұ й ы м бөлімшесінің түрі	Ұ й ы м бөлімшесінің түрі	Ұ й ы м бөлімшесінің атауы
1	2	3	4	5	6

##### **кестенің жалғасы**

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мекенжайы	Байланыс деректері (мобиЛЬДІ телефон, электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефоны, сайт (бар болса));	Көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызмет түрлері	Орын саны
7	8	9	10

##### **кестенің жалғасы**

Тіркелімге енгізілген күні	Тіркеуден алынған күні	Тіркеуден алу себебі
11	12	13

Арнаулы әлеуметтік қызметтер  
ұсынатын ұйымдардың бірыңғай  
тіркелімін және арнаулы  
әлеуметтік қызметтер көрсететін  
мамандардың тізлімін  
қалыптастыру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

#### **Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізлімі**

--	--	--	--	--

№	ЖСН	Маманың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі, біліктілігі туралы (бар болса)	Жұмыс тәжірибесі
1	2	3	4	5

### кестенің жалғасы

Көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсете мекенжайы	Байланыс деректері (мобиЛЬДІ телефон, электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефоны, сайт (бар болса));
6	7	8

### кестенің жалғасы

Тізілімге енгізілген күні	Тіркеуден алынған күні	Тіркеуден алу себебі
9	10	11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК